

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 9 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Өздеріңізге белгілі, 5 маусым күні елімізде жалпыұлттық референдум өтті. Бұл ел тарихындағы ең маңызды және шешуші оқиғалардың бірі болғаны сөзсіз.

Референдумға қатысқан азаматтарымыздың басым бөлігі Конституцияға ұсынылған түзетулерді қолдап, дауыс берді. Осылайша Қазақстан халқы Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңа Қазақстан құру жолындағы бастамаларына қолдау білдірді. Сонымен қатар референдумның нәтижесі ұлтымыздың үлкен өзгерістерге дайын екенін көрсетіп берді.

Ендігі міндет – халықтың осы қалауын іске асыру. Өйткені елімізді жаңғырту үшін жүргізіліп жатқан реформалар референдуммен шектелмейтіні түсінікті. Сондықтан нағыз жұмыс енді басталады десек артық бола қоймас. Мемлекет басшысы референдум қорытындысы бойынша жасаған үндеуінде осы мәселеге баса мән беріп, елімізді жан-жақты жаңғырту жалғаса беретінін айтты. Бұл ретте заңнамалық бағытта атқарылар істің ауқымы кең, маңызы зор. Себебі Президент айтқандай, конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Бұл Парламентке үлкен әрі жауапты міндеттер жүктейді.

Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес заңнамаға тиісті түзетулер енгізуіміз қажет, Сенаттың да жұмысын жетілдіру керек. Жалпы біздің басты мақсатымыз – демократиялық, құқықтық, әділетті және әлеуметтік мемлекет қалыптастыру. Осы жолда Сенат депутаттары белсенділік танытып, жаңа Қазақстан құру ісіне үлкен үлес қосады деп сенемін.

Құрметті сенаторлар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлына беріледі.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасын орындау, атап айтқанда 2050 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын екі есеге төмендету, сондай-ақ Президенттің 2021 жылғы 17 наурыздағы Алматы қаласының 2-жылу энергия орталығын көмірден газға ауыстыруды қамтамасыз ету және Алматы қаласы мәслихаты мен әкімдігінің сәулет-қала құрылысы қызметі саласындағы құзыретін кеңейту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Тұтастай алғанда, заң жобасында жеті заң мен екі кодекске түзетулер көзделген. Олар:

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы заңнама нормаларын жетілдіруге;

отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып генерациялайтын қондырғыларды салумен қоса жаңғыртуға, реконструкциялауға және кеңейтуге инвестицияларды қайтару тетігін енгізуге;

Алматы қаласының ерекшеліктерінен туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуді жетілдіруге;

тақтатас мұнайын өндіруді дамытуға;

шекара бөлімшелері мен мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін салу жөніндегі мәселелерді шешуге бағытталған.

Энергия үнемдеудің негізгі бағыттары: Мемлекеттік энергетикалық тізілім, энергия аудиті, мемлекеттік бақылау, бюджеттік сектор және өңірлік саясат.

1. Еліміздің энергия тұтынуының үштен бір бөлігіне жататын ірі кәсіпорындарда энергия үнемдеу бойынша жауапты тұлғаларды енгізу, сондай-ақ барлық энергия тізілім субъектілерінің 90 пайызға жуығын тұтынатын ТОП-100 кәсіпорындар үшін энергия тиімділігі бойынша нысаналы индикаторларды белгілеу ұсынылады.

2. Энергия аудиторларына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі функцияларды персоналдың сәйкестігін растау жөніндегі органдарға беру ұсынылады. Бұл шара осы

саладағы сарапшылардың кәсіби деңгейін арттыруға ықпал етеді, нәтижесінде жүргізілетін энергия аудиттерінің сапасын арттырады.

3. Энергия үнемдеудің елеулі әлеуетіне ие бюджет секторын реттеуді күшейту мақсатында мыналар көзделген:

Мемлекеттік энергетикалық тізілім шеңберінде энергия тұтыну деңгейіне қарамастан барлық мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілерін қамту;

мемлекеттік мекемелерде энергия тұтынуды азайтуды қамтамасыз ететін, сондай-ақ энергия тұтынатын жабдықтың қазақстандық нарығын қайта құруға серпін беретін энергия тиімді мемлекеттік сатып алуды енгізу;

энергия тұтыну нормативтерін белгілеу, оларды сақтау мониторингі, бенчмаркинг және энергия тиімділігі бойынша тиісті ұсынымдар беру ұсынылады.

4. Бұзушылықтарды өз бетінше жою мүмкіндігін беру үшін мемлекеттік бақылаудың жаңа тетігін – оны жүргізу тәртібін айқындай отырып, бақылау субъектісіне жүгінбей профилактикалық бақылауды енгізу көзделеді.

Алматы қаласының түзетулері бойынша қала құрылысы кеңесін енгізу және қаланың дизайн-кодын қабылдау ұсынылады. Бұл мегаполис проблемаларын шешу және қала тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсарту бойынша келісілген қала құрылысы саясатын жүргізуге мүмкіндік береді және бірыңғай сәулеттік келбет беруді қамтамасыз етеді.

Тұрғын үй және әлеуметтік маңызы бар объектілер салу үшін мемлекеттік жер қорының болмауы жөніндегі мәселені шешу мақсатында мемлекеттік емес жер пайдаланушыларға мемлекеттік әлеуметтік объектілер салу үшін мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған жер учаскелерін кейіннен жергілікті атқарушы органның коммуналдық меншігіне бере отырып, уақытша өтеусіз пайдалануға беру жөніндегі заңнамалық нормалар көзделеді.

Мүлікті заңдастыру проблемаларын шешу үшін жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия құру ұсынылады.

Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін меншік иелерінің келісімі болған жағдайда азаматтар көп жиналатын жерлерде бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту ұсынылды. Бұл мегаполис аумағын бейнемониторингпен барынша қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Алматының тағы бір өзекті мәселесі қаланың экологиялық жай-күйі.

Бүгінде ластанудың негізгі көздері көлік секторы және 2-жылу энергия орталығы болып отыр. Оларға газ шығарындыларының 60 пайызы және 31 пайызы келеді.

Нормативтен тыс шығарындылары бар автокөлік құралдарын өлшеуді жүзеге асыру және анықтау тәртібін регламенттеу үшін автомобиль көлік құралдарынан шығарындыларды өлшеуді жүзеге асыру жөніндегі қағидаларды бекіту көзделеді.

Көмір станцияларынан парниктік газ шығарындыларын төмендету бойынша республикалық маңызы бар қалалар мен астана үшін отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғыларды салу арқылы жаңғырту, реконструкциялау және кеңейту жөніндегі жобаларға инвестицияларды қайтару тетігін заңнамалық енгізу ұсынылады.

Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексіне түзетулер бойынша тақтатас мұнайын, тақтатас газын, газ гидраттарын қоса алғанда көмірсутектердің дәстүрлі емес түрлерін айқындауды, сондай-ақ қорларды есептеу және оларды сыныптау жөніндегі нұсқаулықты айқындау бөлігінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның құзыретін көздеу ұсынылады.

Осы түзетулер тақтатас мұнайын, тақтатас газын қоса алғанда көмірсутектердің дәстүрлі емес түрлерін барлау және игеру үшін заңнамалық негізді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жекелеген түзетулер мемлекеттік шекара арқылы шекара бөлімдері мен автомобиль өткізу пункттерінің ғимараттары мен құрылыстарын салуға қатысты.

Осы объектілердің құрылысын қамтамасыз ету үшін көлік және автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті органға Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара бөлімдерінің ғимараттары мен құрылыстарын, сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы автомобиль өткізу пункттерін салу бойынша құзырет беру ұсынылады.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қабылдау жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендетуге, Алматы қаласының өзекті мәселелерін шешуге, елдегі экологиялық жағдайды жақсартуға, көмірсутек ресурстарының жаңа түрлерін өндіруді дамытуға ықпал ететін болады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлына арналады.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Закон Республики Казахстан «Об энергосбережении и повышении энергоэффективности» дополняется новым методом профилактического контроля без посещения объекта.

Таким образом, государственному контролю будут подлежать те субъекты, которые на сегодняшний день не относились к субъектам с высокой степенью риска, соответственно, не включались в полугодовой список планового профилактического контроля.

Так, профилактический контроль без посещения субъекта будет осуществляться путем изучения, анализа, сопоставления информации, полученной из различных источников, в том числе на основе сведений, представленных центральными государственными органами и местными исполнительными органами, Национальным институтом развития в области энергосбережения и повышения энергоэффективности, а также полученных из средств массовой информации.

Отсюда возникают вопросы.

1. Если объект не относится к высокой степени риска, какой должен быть для них рейтинг или показатель для основания проведения данного контроля, а также есть ли методика или какие-то критерии?

2. Имеется ли у уполномоченного органа какая-то централизованная информационная система, которая будет автоматически определять степень риска для необходимости проведения данного контроля? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Нұрлан Жексембайұлы, сұрағыңызға рақмет.

Действительно, у нас есть Государственный энергетический реестр. Законопроект, который мы сейчас рассматриваем... Если текущим законопроектом, который сейчас имеется, энергоаудитом мы охватываем 4,5 тысячи предприятий, которые находятся в стране, то, исходя из степени высокого риска, мы определили 927 предприятий. 3,5 тысячи предприятий уже имеют право не проводить аудит. Они просто направляют отчет об энергопотреблении. По 927 предприятиям, которые используют энергоресурс в промышленности, ужесточаем требования, это проведение энергоаудита, введение энергоменеджеров и другие.

Все отчеты сдаются в Государственный энергетический реестр. В соответствии с законом мы ввели, что физические и юридические лица имеют право заниматься энергоаудитом. Теперь необходимо проверять деятельность этих аудиторских компаний, насколько они компетентно и профессионально провели свою работу. Для них вводится эта норма, что без посещения. Из этого Государственного энергетического реестра мы берем данные из отчетов, которые они представили, проводим анализ и выдаем свои замечания или какие-то требования. Если эти замечания в течение года повлекли за собой административные нарушения, то из реестра исключается физическое или юридическое лицо, которое имеет доступ проводить аудит.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мой вопрос адресован Министру индустрии и инфраструктурного развития.

Уважаемый Каирбек Айтбаевич! Согласно законопроекту для решения вопросов оформления недвижимости, построенной без получения соответствующих разрешений, вносятся отдельные изменения и дополнения в Закон «Об особом статусе города Алматы», которые предусматривают создание специальной комиссии при исполнительном органе по рассмотрению вопросов оформления недвижимости.

Между тем проблемы оформления недвижимости, построенной без разрешительных документов, характерны не только для города Алматы, но и для других крупных населенных пунктов.

В этой связи возникают следующие вопросы.

1. Как будут решаться аналогичные проблемы в других городах республики? И какие планы имеются у министерства по данному вопросу?

2. Не приведет ли данный подход к всплеску самовольных построек в городах?
Спасибо.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Спасибо за вопросы.

Вопрос об узаконении самовольных построек или их сносе отрегулирован законодательством, он решается в судебном порядке.

Проблематика города Алматы заключается в том, что в последнее время к Алматы был присоединен ряд районов. И в сельских населенных пунктах очень много строений, которые не были узаконены. Около 14 тысяч самовольных построек, такой массовый характер. Если в других городах это носит единичный характер, речь может идти о десятках, может быть, около сотни, то здесь речь идет о 14 тысячах. И эту работу надо единовременно проводить, потому что в соответствии с Генеральным планом...

Эта комиссия нужна. Подход по городу Алматы, я считаю, очень продуктивный. Если есть техническая возможность узаконить, они собираются узаконить, чтобы не будоражить население. Но если эти самовольные постройки находятся в местах, где Генеральным планом определено проведение сетей, дорог, других объектов жизнеобеспечения города, тогда будет приниматься решение об изъятии данных земель.

Мы посмотрим, как пойдет этот опыт. Такие ситуации периодически возникают. Когда произошла ситуация в Арыси, первым делом мы начали восстанавливать дома, у многих не были узаконены какие-то постройки, но там мы в ускоренном порядке с акиматом... Такие проблемы периодически возникают. На основании этого опыта, Вы правильно сказали, наверное, мы выработаем какой-то алгоритм более облегченного варианта.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Менің сұрағым мынандай. Сіз жаңа баяндамаңызда тақтатас газы туралы айттыңыз. Менің ұғымымда бұл сланцевый газ.

Біріншіден, Қазақстанда сланцевый газ өндірудің технологиясы жоқ. Екіншіден, қазір дүниежүзінде тегіннен-тегін газ жағып отырған, яғни ілеспе газ (попутный газ) жағып отырған мұнайы бар санаулы мемлекеттердің қатарындамыз.

Газдың кен орындары Қазақстанда жеткілікті. Солай бола тұра осы тақтатас газын, яғни сланцевый газды өндіру мәселесін заңға енгізудің қандай қажеттігі бар?

Тіпті сланцевый газды өндірудің технологиясы бізді қойып, мұнай өндіруден бізден бірнеше есе алда кетіп қалған Ресейдің өзінде жоқ. Бұл негізінен Америка Құрама Штаттарында бар.

Екіншіден, менің білуім бойынша осы тақтатас газының кеніштері біздің еліміздің экологиясы өте күрделі аймақтарында – Қызылорда облысының оңтүстік бөлігі менен Түркістан облысының солтүстік бөлігіне таман орналасқан. Бұл халықтың қалың орналасқан жері және Қызылорда өңірі ежелден экологиялық қауіпті аймақ саналады. Ал сіз тақтатас деп айтып отырған сланцевый газды өндіру деген сөз жердің қыртысын қопару

деген сөз. Дәл қазіргі кезде онсыз да экологиялық қауіпті аймақта тұрған өңірден тақтатас өндірудің не қажеттігі бар?

Үшіншіден, бұның ар жағында заңға осыны енгізу арқылы болашақта коррупцияға жол ашатын тетіктерді енгізіп отырған жоқпыз ба деген де сұрақ туындайды.

Егер газ бізде жеткілікті болса, дәстүрлі газдың кен орындары әлі толық игеріліп болмаса (тақтатас газын өндіру үшін оның технологиясын алу керек, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу керек, оған мемлекеттен қаржы бөлу керек) осының не қажеттігі бар?

Маған осы сұраққа жауап беріңізші.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Сұрағыңызға рақмет.

Мен жауап берейін. Мына жерде Энергетика министрінің орынбасары да отыр, қосымша айтқысы келсе айта жатар.

Біздің мына заңға енгізіп отырғандағы негізгі мақсатымыз мынау, біз жоқ дейміз бе, әлде бар дейміз бе, бірақ дүниеде сланцевый газ бар. Сондықтан оны реттеу керек, шектеу қойып, тәртіп орнату керек, сол себепті заңға осы ұғымдарды енгізіп отырмыз. Жаңағы көтеріліп жатқан мәселелер осы заңда болу керек, оның тәртібін мемлекеттік органдар орнату керек, шектеулер немесе басқа мәселелер заңды түрде болу керек. Сол себепті бүгін жоқ деп отырмыз, бірақ ертең инвесторлар келе ме, келмей ме, оны бір Алла біледі, ол бойынша да көтеріліп отырған мәселе бар. Өзіңіз білесіз, осыдан шамамен он жыл бұрын осы мәселе қатты көтеріліп кетті, инвесторлар қызығушылық көрсете бастады, содан кейін үндемей қалды. Бірақ он жыл бұрын қатты көтеріліп кеткендіктен де заңда осы мәселелерді де қозғап отырмыз.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Нұрмағанбетов Жандос Демесінұлы, жауап беріңіз.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Жалпы сланцевый мұнайға қатысты норма Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің құзыретіне жатады, алайда жұмыс топтарында біз болдық. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің айтуы бойынша сланцевый мұнай жер қойнауына қатысты болғаннан кейін оның қандай ұғым екені және оны қалай реттеу жөнінде ереже құру туралы мәселелер қарастырылған. Осы норма арқылы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі сланцевый мұнайды есепке алу, оны жер қойнауынан табу тәсілдерін және экологияға зиян келтірмеу тәсілдерін реттейтін біршама нормативтік құқықтық актілерді дайындайды, яғни осы норма арқылы саланы құқықтық реттеуді жасағысы келіп отыр.

Бұл сұрақ Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қатысты.

ТӨРАҒА. Жақсы, оны да көрейік.

Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Зүлфия Болатқызын көрмей тұрмыз ғой. Жоқ па?

Бұл үлкен және күрделі мәселелердің бірі. Жалпы Мұхтар Абрарұлының көтеріп отырғаны өте орынды, бұл жерде қазір дәстүрлі мұнай мен газдың қорларын игеруіміз керек деген мәселе ғой. Содан кейін технологиялар дұрыс болып жатса, экологияға зиян келмесе

сланцевый мұнай, сланцевый газ дейді, оны да көретін шығармыз. Бұл жерде министрлік газ және мұнай компаниялары дұрыс әрекеттерді жүзеге асыру үшін бұны заңнамалық түрде реттеу керек деген мәселені көтіріп жатыр ғой. Бірақ ол заң жобасында қалай реттеліп жатыр, экологияға қатысты барлық мәселелер бұл жерде көрсетілген бе, нақтыланған ба, қауіптер жоқ па, осы мәселені біз екінші оқылымға дейін тағы да пысықтайық.

Бүгін бірінші оқылым болады, бұл заң жобасын тек қана концептуалды түрде қабылдаймыз. Өйткені біздің депутаттардың заң жобасының нормаларына қатысты басқа да ұсыныстары бар, сондықтан әлі жұмыс жүреді.

Мұхтар Абрарұлы, сіздер сол кезде тиісті комитетпен бірге, министрлікпен бірге осы мәселені тағы да бір пысықтасаңыздар, содан кейін бұл сұраққа екінші оқылымда қайтып келейік.

Жақсы. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Қайырбек Айтбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашы қаралып жатқан заң жобасының негізгі новеллалары туралы жан-жақты баяндап берді.

Түзетулердің ішіндегі ең негізгілеріне тоқталайын.

1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бөлігінде мыналар көзделеді: жылына 50 мың тонна шартты отынды тұтынатын энергияны көп қажет ететін кәсіпорындар үшін энергия тиімділігі бойынша нысаналы индикаторларды белгілеу;

энергия аудиттерін жіктеуді енгізу көзделеді, мақсатты және экспресс-энергия аудиттер болып бөлінетін болады;

мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар және квазимемлекеттік сектор субъектілері және тағы басқалары үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді энергия тиімділігін арттыру бойынша сатып алуды енгізу.

2. Заң жобасы арқылы республикалық маңызы бар қалаларда орналасқан жұмыс істеп тұрған электр станцияларында газ қондырғыларын салу жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша құқықтық база құрылады.

3. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске тақтатас мұнайы мен тақтатас газын қоса алғанда дәстүрлі емес көмірсутектерді өндіруді дамытуға бағытталған түзетулер енгізіледі.

Түзетулер арқылы дәстүрлі емес көмірсутектерге жататын көмірсутектердің түрлері анықталады және олардың ұғымдары бекітіледі.

4. Заң жобасында көлік және автомобиль жолдары саласындағы уәкілетті органға Шекара қызметінің шекара бөлімшелерінің, сондай-ақ мемлекеттік шекара арқылы автомобиль өткізу пункттерінің ғимараттары мен құрылыстарын жобалауды және салуды ұйымдастыру жөніндегі құзыреттер бекітіледі.

5. «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға түзетулер енгізу аясында қала әкімдігіне:

қала кодының дизайнын бекіту бойынша;

қала құрылысы кеңесін құру;

мемлекет мұқтажы үшін алып қойылған жер учаскелерін мемлекеттік әлеуметтік объектілерді салу үшін уақытша өтеусіз жер пайдалануға мемлекеттік емес жер пайдаланушыларына беру;

мемлекеттік ұлттық табиғи парктерді дамыту жобаларын әзірлеуге және қарауға қатысу;

жылжымайтын мүлікті ресімдеу мәселелерін қарау жөніндегі комиссия құру және тағы басқа да өкілеттіктер беру бойынша түзетулер қарастырылған.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған қаралып отырған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызғы рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерік Хамзаұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлына беріледі.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Әріптесім осы қаралып отырған заң жобасының негізгі аспектілерін түсіндіріп өтті.

Заң жобасы энергияны үнемдеу тиімділігін арттырудың жаңа құқықтық механизмдерін қабылдау арқылы жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендетуге бағытталған.

Заң жобасы Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін субъектілерді реттеуді және ақпараттық тізбесін кеңейтуді көздейді. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға үш жылға арналған энергия үнемдеу жөніндегі жол карталарын қабылдау және іске асыру құзыреті беріледі. Бұдан басқа энергия аудиттеріне жіктеу енгізіледі. Осылайша артық жүктемені азайту, энергияны тиімді қолдану және балама экспресс-энергия аудитін енгізу қарастырылады.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заң жобасының тұжырымдамасын қолдаймын. Әріптестерімді бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші

оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі екінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызына беріледі.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасының негізгі мақсаты сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамыту болып табылады.

Заң жобасында 5 кодекске және 35 заңға өзгерістер енгізу көзделеді.

Заң жобасының бірінші блогы сақтандыру секторын кешенді дамытуға бағытталған.

Қазіргі кезде сақтандыру секторында сақтандыру активтері тұрақты өсіп, қаржылық орнықтылығы жоғары болып отыр. Нарық активтері соңғы үш жылда 74 пайызға өсіп, 1,9 триллион теңгені немесе ішкі жалпы өнімнің 2,2 пайызын құрайды. Алайда халық пен бизнесті сақтандыру қызметтерімен қамту негізгі сын-қатер болып қалуда. Бұл міндетті шешу үшін заң жобасында мыналар көзделеді.

Біріншіден, заң жобасында жинақтаушы сақтандыруды дамыту үшін жаңа элеуметтік маңызды сақтандыру өнімдерін енгізу көзделеді. Бұл Мемлекеттік білім беру жинақтаушы жүйесі шеңберінде өмірді жинақтаушы сақтандыру және бірлескен (ерлі-зайыпты) зейнетақы аннуитеті болып табылады.

Банк депозитінен айырмашылығы, білім беру жинақтаушы жүйе шеңберіндегі өмірді жинақтаушы сақтандыру өнімі оқу ақысына арналған қаражатты жинақтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ қосымша сақтандыруды да қамтамасыз етеді. Сақтанушы үшін сақтандыру жағдайы орын алса, сақтандыру компаниясы жинақталған сомаға қарамастан баланың оқу құнын толық төлеуге кепілдік береді.

Екінші өнім – бірлескен (ерлі-зайыпты) зейнетақы аннуитеті. Бірлескен аннуитет ерлі-зайыптылардың немесе жақын туыстарының зейнетақы жинақтарын біріктіруге мүмкіндік береді. Егер ерлі-зайыптылардың бірінде зейнетақы жинағы жетпей, ал екіншісінде артық болса, олар зейнетақы жинақтарын бірге қосып, зейнетақы аннуитетін сатып алады. Сонымен бірге төлемдерді өмір бойы алуға мүмкіндік алады.

Заң жобасының екінші бағыты – сақтандыру саласын одан әрі цифрландыру арқылы сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру.

2019 жылдан бері міндетті автосақтандыру шарттары онлайн режимде электрондық нысанда жасалады. Цифрландырудың келесі кезеңі – сақтандыру оқиғасын онлайн-реттеуді енгізу. Мобильдік қосымшаны пайдалана отырып автосақтандыру бойынша сақтандыру жағдайын реттеудің жеңілдетілген тәртібін енгізу ұсынылады. Бұл тәртіп полицияны қатыстырмай және сотқа жүгінбей жол-көлік оқиғалары бойынша сақтандыру төлемдерін жедел алуға мүмкіндік береді.

Заң жобасының маңызды жаңалығы – міндетті автосақтандыру бойынша икемді тарифтеу тетігін енгізу. Қолданыстағы сақтандыру тарифтері заңнамалық тұрғыдан 2007 жылы белгіленді және сол кезден бері жаңартылған жоқ. Икемді тарифтеу жүйесі Қазақстан өңірлері бойынша нақты болатын апаттарды ескереді және сақтандыру тарифтерін автоматты түрде жаңартуға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, заң жобасында кепілдік берілетін сақтандыру кластарының тізбесі кеңейтіледі. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының кепілдігі барлық міндетті және әлеуметтік маңызды сақтандыру кластарына қолданылады. Бүгінгі күні аталған қор тек бес сақтандыру түріне кепілдік береді.

Келесі бағыт сақтандыру қызметтерін пайдаланатын тұтынушылардың құқықтарын қорғау сапасын арттыру болып табылады. Ол үшін заң жобасында сақтандыру омбудсменінің клиенттердің сақтандыру ұйымымен келіспеушіліктерін міндетті реттеуі көзделеді. Сақтандыру омбудсменінің біліктілігіне талаптар ұлғаяды.

Заңнамалық бастамалардың екінші блогы Қазақстанның қор нарығын одан әрі дамытуға бағытталған.

Қор нарығында бөлшек инвесторлардың көп өсуі байқалады, олардың саны 2021 жылдан бері 2,5 есе ұлғайып, 329 мың адам болды.

Бүгінгі күні жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту бастамалары аса маңызды. Заң жобасына сәйкес тек лицензиясы бар брокерлер мен дилерлер инвестициялық консультация беріп, делдалдық қызметтер көрсете алатын болады.

Қазақстандық брокерлер үшін клиенттің инвестициялық бейінін міндетті бағалау туралы талап енгізіледі. Бұл бейін оның біліміне, тәжірибесіне және қолындағы қаражатына қарай айқындалады. Нәтижесі бойынша инвесторларға бейініне сәйкес қаржы құралдарының тізбесі ұсынылады.

Инвесторлардың құқығын қорғаудағы маңызды бастама компанияларда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болып табылады. Мажоритарлық акционер акцияларды сатып алған кезде олардың әділ құнын айқындау тәртібі, сондай-ақ акцияларды бөлу тәртібі нақтыланады. Брокерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың клиенттерінің активтеріне тыйым салу мен өндіріп алуға қорғау енгізіледі.

Келесі бағыт, Мемлекет басшысының «жасыл инвестициялар» нарығын кеңейту бойынша тапсырмасын орындау үшін орнықты даму құралдарын шығаруға бағытталған бастамалар заңнамалық деңгейде көзделеді.

Үшіншіден, қор нарығын одан әрі цифрландыру көзделеді. Бағалы қағаздарды шығару процесінің бірыңғай цифрлық форматқа толық көшуі қамтамасыз етіледі.

Төртіншіден, заң жобасында Қазақстан компанияларының тәуекелдерін хеджирлеудің тиімді жүйесін құруға бағытталған түзетулер маңызды орын алады. Халықаралық своптар және деривативтер қауымдастығының заңына сәйкес «бас қаржылық келісім», «қамтамасыз ету төлемі» және «тарату неттингі» деген ұғымдар енгізіледі.

Бесіншіден, заң жобасында бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды пропорционалды реттеу көзделеді. Реттеу жүйелік маңыздылығына және қызмет ауқымына қарай сараланған талаптар белгілеуді болжайды.

Түзетулердің үшінші блогында банк қызметін жетілдіру көзделеді.

1. Банктердің және банк холдингтерінің басшы қызметкерлерін келісу рәсімі өзгереді. Бірқатар лауазымға тағайындау үшін қаржы нарығын реттеуші кешенді алдын ала келісім беруі керек. Басшы қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары күшейтіледі. Оның ішінде үміткерлердің жалпы жұмыс стажы мен басшы лауазымдағы жұмыс стажы ұлғайтылады.

2. Заң жобасында лицензия тапсырмай ірі микроқаржы ұйымдарын банктерге айналдырудың жаңа тетігі көзделеді. Микроқаржыландыру нарығында ірі қатысушылар бар, олардың мөлшерін орташа банктермен салыстыруға болады. Сондықтан аталған ұйымдарды банктерге айналдыру арқылы олардың бизнесін ірілету үшін жағдайлар жасау қажет. Банк лицензиясын алуға арналған барлық талаптар, оның ішінде 10 миллиард теңге мөлшеріндегі ең төмен жарғылық капитал орындалуға тиіс. Микроқаржы ұйымы бизнесті кредиттеу бойынша қызметін банк лицензиясын алғанға дейін жалғастырады.

3. Банктердің және банк холдингтерінің қаржылық емес ұйымдарға инвестиция жасау мүмкіндігі кеңейтіледі. Бұл инвестициялардың мөлшері шектелетін болады.

4. Қарыз алушылардың борыш жүктемесін дұрыс бағалау үшін берілген қарыздар туралы ақпаратты Кредиттік бюроға ұсыну мерзімін 15 жұмыс күнінен 1 жұмыс күніне дейін қысқарту ұсынылады. Аталған мерзімде қарыз алушыға кредит беру фактісі және оны идентификаттау туралы ақпарат берілетін болады. Түзетулерді іске асыру шамадан тыс кредит алған адамдарға қарыз бермеуге мүмкіндік береді.

5. Микроқаржылық қызмет туралы заңның қолданыстағы редакциясы шеңберінде жеке тұлғаға 50 айлық есептік көрсеткішке дейін сомаға және 45 күнге дейін мерзімге микрокредит берудің ерекше жағдайлары көзделген. Заң жобасында микрокредит бойынша артық төлем мөлшерін екі есе қысқарту, яғни микрокредит сомасынан 100 пайыздан 50 пайызға дейін қысқарту арқылы қарыз алушылардың борыш жүктемесін шектеу ұсынылады.

Жалпы алғанда заң жобасы сақтандыру, банктік және қор нарықтарының серпінді өсуі арқылы экономиканы дамытуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті депутаттар! Заң жобасын Сенаттың комитеттерінде және жұмыс топтарында қарау кезінде сындарлы жұмыс жүргізгендеріңіз үшін сіздерге алғыс айтуға рұқсат етіңіздер.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован Председателю Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка.

Уважаемая Мадина Ерасыловна! Как всем известно, в связи с геополитической ситуацией некоторые российские банки, которые осуществляют свою деятельность на территории Казахстана, попали под санкции. В этой связи я хотел бы уточнить: какова ситуация на данный момент с вкладами, сбережениями и иными накоплениями наших граждан в этих дочерних банках и их филиалах? Если эти банки прекратили свою деятельность, получили ли люди свои денежные средства? Спасибо.

ӨБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Уважаемый Андрей Иванович! Действительно, с 24 февраля, с момента введения санкций, три российских дочерних банка («Сбербанк (Казахстан)», «Банк ВТБ (Казахстан)» и «Альфа-Банк») также были включены в санкционные списки, были введены определенные ограничения на их деятельность. Это связано прежде всего с закрытием корреспондентских счетов за рубежом, заморозкой их активов иностранными банками, невозможностью осуществления операций в долларах США, евро и фунтах стерлингов.

С этого момента мы наблюдали отток депозитов из трех дочерних банков. В основном эти депозиты перетекли в наши казахстанские банки.

Здесь хочу отметить, что все эти банки являются платежеспособными, они обладали и обладают высококачественным ссудным портфелем, ликвидностью. Все требования клиентов по снятию депозитов, переводу своих средств в другие казахстанские банки были полностью выполнены, удовлетворены.

В настоящее время в банках сохраняются депозиты физических и юридических лиц на сумму 500 миллиардов тенге. В то же время эти банки обладают высококачественным ссудным портфелем (1,7 триллиона тенге). Ликвидные средства на сегодняшний день составляют порядка 590 миллиардов тенге.

Таким образом, банки полностью покрывают все обязательства перед физическими и юридическими лицами. То есть банки являются платежеспособными, вопрос о неустойчивости этих банков сейчас не стоит.

Если говорить о банках, которые прекратили свою деятельность, у нас «Альфа-Банк» был куплен «Банком ЦентрКредит», банк был переименован, в настоящее время идет процедура объединения двух банков, то есть «Альфа-Банк» (сейчас «Eco Center Bank») станет частью «Банка ЦентрКредит». Соответственно, все вклады и депозиты физических и юридических лиц в этом банке становятся частью «Банка ЦентрКредит», полностью все обязательства будут исполнены перед вкладчиками. И никаких оснований для тревоги в данном случае нет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мұрат Бақтиярұлына беріледі.

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Рақмет, құрметті Төраға.

Мәдина Ерасылқызы, менің сұрақтарым өте қысқа.

1. Бізде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бар, былтыр қыркүйек айында соған әлеуметтік облигация орналастырылды (ұмытпасам, 1 миллиард теңге болу керек), одан бері сегіз ай өтті. Соның жағдайы қалай болып жатыр?

2. Жалпы біз осыған дейін де бағалы қағаздар нарығын қаншама жандандыруға талпыныс жасадық, бірақ реті келмей жатыр. Бұның себебі неде, кірістілігі төмен бе? Мысалы, әлеуметтік облигацияны орналастырған кезде оның кірістілігі 11,9 пайыз деп беріпті. Ал екінші деңгейдегі банкілердің депозиттерінде оның 13,5 пайыз кірістілігі бар. Сондықтан осыны дамытудың қандай жолдары бар?

Осы қорды дамыту керек қой. Біз заң қабылдаймыз, бірақ дамымайды, ешкім бармайды. Бұның себептері неде?

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Әлеуметтік облигациялар немесе «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-нан кепілдік беру туралы ма?

БАҚТИЯРҰЛЫ М. Орысша айта беріңіз.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Рақмет.

В прошлом году для того, чтобы поддержать развитие рынка ценных бумаг, поддержать финансирование экономики именно через выпуск облигаций, были внесены изменения, и Фондом развития предпринимательства «Даму» стали предоставляться гарантии по облигациям. Это очень важное изменение, оно имеет большой эффект, поскольку, если банки предоставляют кредиты малому и среднему бизнесу, то сейчас очень популярный механизм именно гарантирования, то есть взамен твердого залога предоставляются гарантии от Фонда развития предпринимательства «Даму».

Это было большим подспорьем в период кризиса, в период пандемии, мы видели, что, несмотря на какое-то ухудшение экономических условий, кредитных условий, у нас рост кредитования экономики, особенно малого и среднего бизнеса, не остановился. В прошлом году рост был 26,5 процента по кредитованию малого и среднего бизнеса.

Если говорить о развитии фондового рынка, то в данном случае это достаточно новая норма. В прошлом году мы начали сбор заявок, составили список порядка 70 компаний, которые изъявили желание выйти на фондовый рынок, разместить свои облигации и использовать данный механизм гарантирования.

Средства в республиканском бюджете были учтены, с января этого года были выделены средства именно на данное направление. В текущем году мы ожидаем, что размещение облигаций с выдачей гарантии от Фонда развития предпринимательства «Даму» будет осуществлено в этом году.

Пока это только нововведение, новая норма. В связи с тем, что финансирование началось только с этого года, у нас пока таких размещений не было.

ТӨРАҒА. Мадина Ерасыловна, второй вопрос был о том, почему у нас недостаточными темпами развивается фондовый рынок, почему компании недостаточно активно размещают свои акции, иные ценные бумаги, почему население не проявляет большого интереса. Понятно, что это большой вопрос, тянет на целый правительственный час. Поэтому прошу ответить лаконично.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Рақмет.

На самом деле мы видим определенный рост на фондовом рынке, в основном идет рост со стороны розничных инвесторов. С точки зрения предложения эмитентов и выпуска ценных бумаг более привлекательным остается банковское кредитование. Это связано с достаточно высокими требованиями по корпоративному управлению со стороны компаний-эмитентов, которые выходят на фондовый рынок. То есть необходима аудированная финансовая отчетность, необходимо соблюдение стандартов корпоративного управления, требуются рейтинги. Мы сделали определенную площадку для малого и среднего бизнеса на фондовом рынке. В 2020 году мы внедрили упрощенные процедуры для листинга, сократили суммы и стоимость листинговых сборов со стороны фондовой биржи. Определенная активность сейчас в данном сегменте наблюдается.

Вместе с тем эмитенты при выборе финансирования, то есть привлекать средства через фондовый рынок или брать банковский кредит, зачастую предпочитают банковское кредитование. Как я сказала, есть достаточно высокие требования к корпоративному управлению этих компаний.

Кроме этого, имелся определенный арбитраж стоимости. Помимо гарантии, Фондом развития предпринимательства «Даму» была поддержана инициатива по субсидированию части процентных ставок, то есть размещение на фондовом рынке было дороже для малого и среднего бизнеса, чем привлечение банков, из-за того, что для малого и среднего бизнеса есть определенные субсидии по процентным ставкам.

С учетом того, что эти изменения были внесены, в январе выделены средства, мы ожидаем, что процентный арбитраж можно будет таким образом снизить. Это также будет стимулировать выход эмитентов на фондовый рынок.

ТӨРАҒА. В целом это большой системный вопрос. Сейчас у нас нет времени его подробно обсуждать. Депутаты часто поднимают вопрос, то, что мы построили, это больше государственный капитализм. Мы зажали кредитную массу, кредитруем, в то же время одновременно субсидируем из бюджета. То есть получается, что у компаний нет интереса идти на фондовый рынок, мы его не развиваем.

Фондовый рынок – это рыночный инструмент, а мы субсидируем. Мы повысили процентную ставку Национального Банка до 14 процентов. Чтобы брали кредит, мы субсидируем из бюджета. Это государственные механизмы. Нам же надо развивать рыночные механизмы. Фондовый рынок – это рыночный механизм.

Коллеги, сейчас не будем вступать в дискуссию.

Бұйырса, 16 маусымда Үкіметтің және Есеп комитетінің есептерін тыңдаймыз, сол кезде осы мәселені тағы да бір көтеріп, нақты сұрақтарды қойып, өзіміздің ұсыныстарымызды, ойларымызды Үкіметке жеткіземіз деп ойлаймын. Рақмет.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қазақстанның тәуелсіз даму жылдарында сақтандыру жүйесі бірізсіз және тепе-теңсіз түрде қалыптасты, оны бәріңіз білесіздер. Осыған орай заң жобасын қабылдау көптен күтілген еді. Шараларды қамту өте кең және мазмұны жағынан терең. Осыған байланысты менің бір-екі сұрағым бар еді.

Құрметті Мәдина Ерасылқызы! Закон «Об акционерных обществах» предлагается дополнить статьей 30-2 «Дробление акций общества». Однако разработчик должным образом не указал, как будет производиться процедура дробления, какая минимальная и максимальная ставка, где будет опубликована подробная информация. Если будет опубликовано на сайте предприятия, то большинство инвесторов не будут об этом знать.

В связи с этим следующие вопросы.

Первое. Опыт какой страны был принят за основу при разработке законопроекта? Оценивался ли положительный экономический эффект от процедуры дробления? Какие ожидаемые показатели в цифрах?

Вполне вероятно, что в итоге это может привести к деминации, с которой сталкивались все соседние страны, например, с деньгами. Более того, дробление предполагает уменьшение номинальной стоимости акций.

Второе. Одним из существенных аспектов стабильного развития казахстанского фондового рынка и повышения его привлекательности для инвесторов является обеспечение адекватной защиты прав и интересов инвесторов.

В законопроекте предлагается повысить его роль за счет оптимизации механизма и инструментов выхода отечественных компаний на IPO. При этом в качестве гарантов обеспечения ценных бумаг предлагается привлечь институты развития, включая и Банк Развития Казахстана.

К сожалению, надо отметить, что институты развития в целом не нашли до сих пор своего полноценного приложения в политике диверсификации экономики. Поэтому закреплять их гарантиями излишне рискованно и бесперспективно.

В этой связи вопрос: какие конкретные меры предусматривает законопроект для обеспечения должной защиты инвесторов и защищенности их средств? Спасибо.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Спасибо большое за вопросы, Еділ Құламқадырович.

Касательно дробления акций. Действительно, эта практика применяется во многих странах мира, в Европейском союзе она закреплена на базе европейских директив.

В Казахстане эта процедура была предусмотрена, но мы сейчас внесли нормы, которые усилят защиту миноритарных акционеров. Процедура дробления акций будет достаточно проста, решение о коэффициенте дробления принимается общим собранием акционеров.

Например, если акционер владел акцией 1000 тенге, будет коэффициент дробления принят один к десяти, то вместо одной акции 1000 тенге, у него будет 10 акций по 100 тенге. Это позволит развить ликвидность рынка, повысить доступность таких акций для обычных розничных инвесторов, физических лиц.

Вводится обязательное требование, что будет деление акций пропорционально. Простые и привилегированные акции будут делиться по одинаковому коэффициенту.

Кроме этого, сейчас по привилегированным акциям гарантируется выплата дивидендов, гарантированная выплата дивидендов будет также в соответствии с этим коэффициентом дробления уменьшаться.

Если говорить об экономическом эффекте, прежде всего данная норма важна в преддверии предстоящего «Народного IPO». При размещении акций среди большого количества инвесторов сокращение номинала акций будет важно для повышения доступности для розничных инвесторов.

Вообще, в казахстанской практике такое дробление уже было. В 2012 – 2013 годах, когда мы размещали акции АО «КазТрансОйл», дробление было один к десяти. Это повышало доступность для инвесторов.

Если говорить, какие меры предусмотрены для защиты инвесторов, то это, наверное, одно из самых важных направлений законопроекта. Мы на фондовом рынке сейчас наблюдаем значительный рост розничных инвесторов, количество физических лиц достигло порядка 300 тысяч инвесторов. Для того чтобы защитить их права, мы предусмотрели три основные меры.

Первое. Услуги по инвестиционному посредничеству могут оказывать только лицензированные брокеры или дилеры. Сейчас на рынке появилось большое количество инвестиционных посредников разного рода, разного характера, в том числе могут быть финансовые мошенники. Они предоставляют различные инвестиционные консультации, не несут никакой ответственности за результат своей деятельности. В этой связи только лицензированные брокеры и дилеры будут иметь право оказывать такие услуги.

Второе. Если при инвестиционном консультировании дилер или брокер дал недобросовестную консультацию, то устанавливается его административная и уголовная ответственность, а также ответственность за оказание таких услуг без лицензии.

Кроме этого, если был нанесен ущерб от недобросовестной консультации, то предполагается возмещение ущерба в судебном порядке инвестору.

На рынке сейчас сложилась ситуация, когда, не обладая соответствующим опытом, квалификацией или знаниями, инвесторы сами принимают решение о том, в какие ценные бумаги вкладываться. Это так называемые неквалифицированные розничные инвесторы. Для них вводится обязательная процедура тестирования. То есть если они хотят вкладывать в сложные финансовые продукты, они должны пройти процедуру тестирования. Брокер, дилер или инвестиционная компания по управлению активами должна в обязательном порядке провести оценку риск-профиля розничного инвестора. И в зависимости от риск-профиля будет предлагать соответствующие финансовые инструменты. Вкупе это позволит обеспечить должную защиту прежде всего физических лиц, розничных инвесторов на финансовом рынке.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Мадина Ерасыловна, я хотел бы высказать небольшое пожелание. Сейчас не надо отвечать, просим в письменном виде предоставить информацию депутатам.

Мы тоже ездим по регионам, с предпринимателями общаемся. И вопрос кредитования является одним из самых серьезных, Вы сами это знаете.

Одна из причин, почему сегодня банки не хотят кредитовать реальный сектор, им интереснее заходить в какие-то бумаги Национального Банка, в государственные ценные бумаги, в том, что, по их словам, очень жесткие нормативы выставило агентство. Шаг вправо, шаг влево наказывается. У них очень серьезные нормативы, какие-то требования к ним. То есть агентство после 2008 года, когда у нас был кризис, мы все знаем, были ситуации, когда выводились деньги за рубеж, очень жестко зарегулировало все банки. И сегодня мы видим одно из последствий в том, что банки не хотят рисковать, хотят минимизировать свои риски, не кредитуют реальный сектор экономики.

Поэтому, наверное, в предстоящий период в рамках диверсификации экономики нужно ваши нормативы тоже проанализировать, посмотреть, где можно на какую-то либерализацию пойти, где можно какие-то другие рыночные инструменты использовать (страхование, секьюритизация и так далее).

В целом какая здесь ситуация, что планируется делать, будет ли агентство делать – в этом направлении просим предоставить в письменном виде нам информацию.

ӘБІЛҚАСЫМОВА М.Е. Хорошо. Спасибо

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Мәдина Ерасылқызы.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер, шақырылғандар! Глава государства ставит ряд задач по обеспечению финансовой стабильности, усилению защиты прав потребителей финансовых услуг, развитию фондового рынка, обеспечению роста кредитования экономики, стабильности функционирования и дальнейшего развития банковской системы.

Рассматриваемый законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности» предполагает введение ряда существенных новаций, направленных на реализацию данных поручений Президента. Для этого требуется внедрение новых продуктов, дальнейшая цифровизация услуг, защита прав потребителей и инвесторов.

Законопроект предусматривает три основных блока. Первый блок по страховому рынку, второй блок по рынку ценных бумаг, третий блок по банковскому сектору. И сопутствующие поправки.

Не повторяясь за основным докладчиком, хотел бы остановиться на социально значимых страховых продуктах для населения, которые позволят удовлетворить растущий спрос.

Как показывает мировой опыт, механизм пенсионных аннуитетов является одним из наиболее значимых инструментов, которые способствуют совершенствованию пенсионной системы.

Внедрение совместного супружеского аннуитета позволит:

объединить пенсионные накопления супружеской пары или близких родственников и перераспределить данные накопления между ними. Выплаты будут производиться по графику каждому участнику супружеского пенсионного аннуитета;

повысить сберегательные инициативы граждан;

обеспечить дополнительные накопления к моменту выхода на пенсию, сделав возможным диверсифицировать пенсионные планы граждан.

С 2013 года в Казахстане функционирует Государственная образовательная накопительная система, реализованная через банки второго уровня. По состоянию на май 2022 года зарегистрировано 22030 вкладов на общую сумму около 32,8 миллиарда тенге.

Образовательная накопительная система позволяет любому гражданину накапливать средства на оплату обучения как в Казахстане, так и за рубежом.

На сегодняшний день программа осуществляется через вклады банков второго уровня. Механизм Государственной образовательной накопительной системы наиболее характерен для компаний по страхованию жизни. Накопление на обучение детей носит долгосрочный характер, что также является спецификой бизнеса компаний по страхованию жизни.

Таким образом, еще одним новшеством законопроекта является вовлечение компаний по страхованию жизни в Государственную образовательную накопительную систему в качестве альтернативного канала продаж в рамках действующего продукта.

Основным преимуществом является наличие страховой защиты в случае наступления неблагоприятных событий в жизни лиц, заключивших такой договор страхования. Страховая компания оплатит полную стоимость обучения ребенка, определенную договором страхования.

Другим преимуществом образовательного накопительного страхования является отсутствие ограничения по сумме гарантирования, в то время как АО «Казахстанский фонд гарантирования депозитов» осуществляет гарантию по банковским образовательным депозитам до 10 миллионов тенге.

Вместе с тем хочется отметить, что потребность в получении ряда финансовых услуг со стороны населения, проживающего вне городов, находится на достаточно высоком уровне и требует надлежащего удовлетворения. Обозначенная проблема в большинстве случаев связана с тем, что на селе фактически отсутствует развитая финансовая инфраструктура.

Также в рамках решения поставленной задачи повышения эффективности функционирования финансового сектора для микрофинансовых организаций предусмотрены возможности преобразования в банк второго уровня через механизм конвертации, не прерывая деятельности до получения банковской лицензии.

Согласно действующему законодательству процедура реорганизации и создания банка занимает длительные сроки. Предлагаемый механизм конвертации микрофинансовой

организации в банк предусматривает более упрощенный порядок, без приостановки деятельности по обслуживанию заемщиков по ранее выданным микрокредитам.

Микрофинансовые организации в отличие от банков имеют более широкую сеть филиалов и отделений и налаженную клиентскую базу в сельских регионах страны. В этой связи механизм конвертации микрофинансовой организации в банк будет способствовать охвату кредитованием большего количества субъектов микро-, малого и среднего бизнеса, в том числе на селе.

Знание условий ведения бизнеса на местах позволит конвертированным микрофинансовым организациям удовлетворить потребности субъектов бизнеса в займах и иных финансовых продуктах в регионах и сельской местности. Данный механизм также позволит компании расширить спектр оказываемых финансовых услуг, а также увеличить базу фондирования за счет возможности привлечения депозитов населения.

Рассматриваемый законопроект направлен на совершенствование правовой базы для развития передовых финансовых технологий, повышая доступ к финансовым услугам. В целом законопроект позволит развивать экономику и повышать благосостояние граждан.

Уважаемые коллеги! Замечания и предложения по концепции законопроекта постоянными комитетами не представлены.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету рекомендует одобрить в первом чтении проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности», одобренный Мажилисом Парламента. Прошу поддержать.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жеңіс Мирасұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, Төраға.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Аталған заң жобасын қолдаймын және оны қолдауға шақырамын.

Аталмыш заң жобасы бүгін баяндамаларда айтылғандай, Мемлекет басшысы берген тапсырма аясында сақтандыру нарығы мен бағалы қағаздар нарығын және бүкіл қаржы секторын кешенді дамытуды қамтамасыз ету үшін бағытталған. Атап айтқанда, сақтандыру нарығында өмірді сақтандырудың жаңа әлеуметтік маңызды жүйесін енгізуді, халықты кәсіпкерлердің сапасыз қызметтерінен қорғауды күшейтуді, сақтандыру қызметтерін одан әрі цифрландыруды, бағалы қағаздар нарығындағы инвесторларды қорғау шараларын күшейтуді және тағы басқа да қажетті тәсілдерді дамытуды көздейді.

Заң жобасының басты бөлігі сақтандыру нарығына арналған. Еліміздің нарық активтері 2004 жылы тиісті заң қабылдаған уақыттан бері негізінен тұрақты дамып келеді деп баяндалады, алайда жалпы ішкі өнімдегі активтердің үлесінде әлі де төмен. Ол туралы бүгін баяндамада айтылды.

Сондықтан заң жобасында сақтандыру нарығын жандандыру үшін енгізілген өзгертулер мен толықтырулар алдымыздағы уақыттарда тиісті нәтижелерге жетуге ықпал етеді деп есептеледі. Мәселен, өмірді сақтандыру бөлігіндегі өзгерістер, әлеуметтік маңызы бар сақтандыру өнімдерінің желісін кеңейтуге және қызметтерге өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде аталған мәселеде халық үшін оңтайлы жағдайлар жасалады.

Кепілдендіруге жататын сақтандыру өнімдерінің санын ұлғайту, сондай-ақ оның пулдарын ұйымдастыруды құқықтық реттеу сақтандыру қауіпсіздігін және халықтың сақтандыру қызметтеріне деген сенімін де арттыратын болады. Ал заң жобасындағы кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби жауапкершілігін, жүктелген сақтандыру рәсімін жетілдіру ел азаматтарын кәсіби қателіктерден қорғайтын болады. Жүктелген сақтандыру осы салада міндетті және ерікті сақтандырумен қатар, оның қызметтер көлемінің өсу нүктесі болып табылады. Халықаралық озық тәжірибеде жүктелген сақтандыру тәсілі қандай да бір кәсіби нарыққа рұқсат алу үшін міндетті шарт болып табылады. Сондықтан да болар дамыған елдерде жүктелген сақтандыру өнімдерінің саны 200-ге жетеді, бізде олардың саны әзірше 18 болып тұр. Заң қабылданғаннан соң бұл мәселе де өз шешімін табатын болады.

Заң жобасындағы түзетулердің екінші бір үлкен бөлігі қор нарығын дамытуға бағытталған. Бұл бағыттағы басты мақсат қор нарығындағы инвесторлардың құқықтарын қорғау шараларын күшейту болып отыр. Брокерлер мен дилерлердің қызметін реттеу арқылы бағалы қағаздар нарығындағы өзгертулер Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне инвестициялық консультация беру қызметтерінің сапасын реттеуге және арттыруға мүмкіндік береді.

Ірі компаниялардың акцияларының қолжетімділігін арттыру үшін нарықта орналастырылған акцияларды бөлшектеу ұсынылады (ол туралы бүгін баяндамада айтылды). Бұл тетік инвесторлар үшін құнды азайта отырып, олардың санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Толықтырудағы маңызды жаңалықтардың бірі – қаржы нарығында қазақстандық компаниялар үшін тәуекелдерді жоғалту ықтималдығын азайтуға және болдырмауға барабар жүйенің құрылатындығы. Осы новелланы енгізу қазақстандық эмитенттердің қаржы құралдарының халықаралық инвесторлар үшін тартымдылығын арттырады, нәтижесінде Қазақстандағы туынды қаржы құралдары нарығы қарқынды дамиды деп күтілуде.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында ұсынылған нормалардың мазмұны мен өзектілігін ескере отырып, осы заң жобасын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРУМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестер екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң жобасына Парламент депутаттары бастамашылдық жасады.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Заң жобасының мақсаты мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру мәселелерін реттеу, әлеуметтік қорғау саласындағы ұлттық заңнаманы кешенді жетілдіру, Қазақстан Республикасы ратификациялаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны кемсітушілік терминологиясын алып тастау бөлігінде іске асыру болып табылады.

Бұл жұмысқа Сенат пен Мәжілістің депутаттары, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың өкілдері, мүгедек адамдардың әртүрлі санаттарының мүдделерін білдіретін халықаралық ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері тартылды.

Заң жобасы 76 заңнамалық актіге, яғни 11 кодекс пен 65 заңға өзгерістер енгізуді көздейді және келесі новеллалар мен тұжырымдамалық түзетулерді қамтиды.

1. Өздеріңіз білетіндей, мүгедектікті сырттай анықтау және төтенше жағдай кезінде мүгедектік мерзімін автоматты түрде ұзарту осы санаттағы азаматтардың көптен бері нақты шешімін таппай келе жатқан көкейкесті мәселелерінің бірі болатын. Осы ретте мүгедектікті сырттай анықтау және белгілеу, оның мерзімін автоматты түрде ұзарту осы заңда бекітілуге ұсынылып отыр.

2. Бүгінгі таңда республикада 98 мыңнан астам мүгедектігі бар балалардың жыл сайын тек 6,7 пайызы ғана санаторийлерде оңалтудан өтіп, әлеуметтік осал топтарға бұл қызмет қолжетімсіз болып қалуда. Себебі қолданыстағы заңнамада санаторлық-курорттық ем алу кезінде ата-анасының немесе қамқоршысының алып жүру шығындарын өтеу көзделмей отыр. Осы орайда санаториялық-курорттық емдеуге алып жүретін ата-анасының бірінші қажеттілік болып саналатын шығындарының құнын өтеу жолдары қарастырылуда. Бұл бастама шалғай аудандардағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың мүгедектігі бар баласына жан-жақты санаторий-курорттық ем-дом алуына жол ашады және 2025 жылға қарай сауықтыру шараларын алушылардың саны шамамен 3 есеге өседі.

3. Қазіргі уақытта дамуында ерекшеліктері бар педагогикалық түзетуді қажет ететін балаларды уақытылы анықтауда жүйелі проблемалар кездесуде. Еліміз бойынша белгіленген норматив 60 мың бала болатын болса, 87 ПМПК аса артық жүктемемен жұмыс жасауда. Шамадан тыс кезектіліктің салдары кеш диагностика мен балалардың түзету шараларының кешігіп қабылдануына әкеп соқтыруда.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес ПМПК ашу жөніндегі норматив еліміз бойынша 60 мың баладан 50 мың балаға дейін төмендетіліп отыр. Нәтижесінде 2025 жылға дейін ПМПК саны 125 жетеді деп күтілуде.

4. Заң жобасында III топтағы мүгедектігі бар адамдар немесе 258 мыңнан астам азамат құқықтық және техникалық мәмілелер жасау кезінде жекемешік нотариустардың қызметтеріне ақы төлеуден босатылады, нотариустардың тегін қызметіне ие I және II топтағы азаматтар қатарына қосылатын болады.

5. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан бөлінген I пайыз аясында әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қолдау көзделуде.

Аталған норма жергілікті атқарушы органдарға әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін жүйелі түрде қолдаудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндігіне жол ашады деп күтілуде. Сонымен қатар мүгедектігі бар адамдарға кедергісіз орта қалыптастыру мақсатында да кейбір шаралар қарастырылып отыр. Мысалы, тұрақты маршруттар үшін осы санаттағы азаматтарды тасымалдауға бейімделген автобустарды сатып алу бойынша қосымша талап енгізіліп отыр. Одан басқа бір жыл ішінде барлық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік компаниялар және жүз пайызы мемлекетке тікелей

немесе жанама тиесілі басқа да ұйымдар өздерінің интернет-ресурстарын, веб-сайттары мен платформаларын веб-қолжетімділіктің ұлттық стандартына сәйкес келтіруі тиіс.

Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдармен жұмысты реттеу үшін тиісті мемлекеттік органдардың құзыреттері кеңейтіледі, тағайындау, әзірлеу тәртібі реттеледі, біріздендірілетін болады. Дәріханалары жоқ ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды денсаулық сақтау ұйымдары арқылы өткізуге бағытталған түзетулер кодекске енгізіліп отыр.

Аталған заң жобасын іске асыру үшін үш жылдық республикалық бюджеттен 5,9 миллиард теңге қаржы қарастырылып отыр.

Заң жобасын қабылдау кедергісіз ортаны одан әрі жетілдіруге, мүгедектікті белгілеу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, арнайы педагогикалық түзету іс-шараларының қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ересектер мен балалар арасында оңалту және мүгедектіктің алдын алу қызметтерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандардың негізінде заң жобасының оң тұстарын назарға алып, оны қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Білім және ғылым министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдеріне.

Қазіргі таңда елімізде оңалту бағдарламаларын жүргізетін мамандардың, яғни реабилитологтардың тапшылығы байқалады. Бұрындары мұндай мамандарды медициналық институттар даярлайтын болса, қазір дене шынықтыру институттарында оқытылады. Сол себепті оқу барысында мамандықтың медициналық ерекшеліктері ескерілмей отыр.

Мүгедек баласы бар ата-аналар оңалту орталықтарына жету үшін көптеген қиындықтардан өтеді, кезек көп. Емге зәру балалардың көптігі соншалық, олар күнделікті ем алудың орнына реабилитолог дәрігерлерге жылына бір рет, тіпті үш жылда бір рет қана қаралуға мәжбүр.

Сондай-ақ үздіксіз емді қажет ететін ауру түріне церебралды паралич ауруы да жатады. Ол ауруға шалдыққан балаларға тиісті күтімді қалалық жерлерде тұратын, қалтасы көтеретін ата-аналар ғана жасай алады. Ал шалғай жерлердегі қаржылық мүмкіндігі төмен отбасылар сонда не істемек? Қандай көмек алмақ?

Мемлекет шамамен 10 күндік ем-шараға ақша бөледі. Ата-ана баласымен жылына бір рет келіп, оңалту орталығында жатып ем қабылдай алады. Одан әрі емді жалғастыруға мүмкіндігі жоқ, әсіресе ауылдық жерден келген азаматтарға. Себебі емді жалғастыру үшін ауыл тұрмақ аудандардың өзінде оңалту орталықтары мен мамандар жоқ болып отыр. Осыған орай министрлік өкілдеріне сұрағым мынандай:

Реабилитолог мамандарды даярлайтын жүйе өзгере ме?

Туғаннан мүгедек балалардың үздіксіз ем алуына қандай мүмкіндіктер қарастырып жатырсыздар?

ТӨРАҒА. Рақмет.

Денсаулық сақтау вице-министрі Дудник Вячеслав Юрьевич, сіз бастаңыз. Пожалуйста, Вам слово.

ДУДНИК В.Ю. Вопрос очень важный, спасибо за этот вопрос.

Реабилитации детей уделяется очень большое внимание. По цифрам. Если в общем на реабилитацию взрослых и детей в 2019 году было выделено всего 7 миллиардов тенге, то в 2021 году эта цифра составила 42 миллиарда тенге. В этом году на реабилитацию детей выделено более 15 миллиардов тенге.

На сегодняшний день работают около 40 реабилитационных центров. За последние два года через программу «Қамқорлық» практически во всех регионах были открыты новые реабилитационные центры. Они были финансированы оборудованием через «Самрук Казына», местная исполнительная власть проводила ремонт. В рамках открытия этих центров было подготовлено 398 врачей-реабилитологов.

То, что Вы сказали по физкультурным институтам, это имеет место быть. Дело в том, что, кроме врача-реабилитолога, реабилитацией занимаются специалисты с физкультурным образованием. Это имеет положительный эффект. По цифрам. В прошлом году стационарно по реабилитации получили лечение 52 тысячи детей, в 2020 году – 44 тысячи детей, рост налицо.

С этого года впервые запущена реабилитация новорожденных. Раньше этой реабилитации у нас не было. В этом году мы открываем 17 центров ранней реабилитации. Реабилитация будет с нуля до трех лет. Они будут открываться при детских больницах или перинатальных центрах. Три недели назад я был в командировке в Актобе. В новом перинатальном центре открыт такой центр.

Эти центры оснащены по последнему слову техники. Там используются современные компьютерные технологии, методика Монтессори, разработка моторики, логопеды работают.

Ваш вопрос в отношении сельской местности очень важный. Это наша будущая работа. И мы в этом направлении, однозначно, будем продолжать работу.

5-10 лет назад тема реабилитации была на втором месте. В связи с открытием страховой медицины (ОСМС) оплата идет через ОСМС, эти деньги мы направляем довольно-таки активно.

И подготовка врачей тоже идет. Например, в этом году мы переходим на интегрированную систему подготовки врачей, это 6+2, 6+3. Например, на подготовку резидентов в этом году государство выделило 1500 грантов, плюс местная исполнительная власть выделяет 600 грантов.

Понятно, что сектор, который касается здравоохранения, внушительный, мы готовим порядка 200 врачей-педиатров, реаниматологов и реабилитологов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Білім және ғылым вице-министрі Каринова Шолпан Таңатқызы, жауап беріңіз.

КАРИНОВА Ш.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Дана Нұржігітқызы, сұрағыңызға рақмет. Сіздің көтерген мәселеңіз негізі медициналық реабилитацияға байланысты болды, бірақ сіз көтеріп отырған мәселеге байланысты балалар медициналық реабилитациямен қатар оқыту үшін де оқу бағдарламаларына қатысты түзету мәселелерін қажет етеді. Жаңа Ақмарал Шәріпбайқызы өзінің сөзінде айтып өтті, бүгінгі көтеріліп отырған мәселе бойынша негізгі мақсат ерте жастан балалардың түзету жұмыстарын анықтау. Сондықтан қазіргі күні норматив 60 мың бола тұрса да факт бойынша елімізде 72 мың балаға бір ғана ПМПК жұмыс істеп тұр. Ол дегеніңіз кейбір қажеттілігі бар балалардың түзету жұмыстарының уақытылы анықталмауы. Сондықтан осылардың санын көбейту алдағы уақытта балалардың қажеттіліктері ерте жастан анықтауға бағытталатын болады.

Екіншіден, елімізде медициналық реабилитациямен қатар психологиялық түзету кабинеттері ашылып жатыр. Бүгінгі күні олардың саны 209. Ол да жеткіліксіз.

14 реабилитациялық орталық бар. Ол жерде істейтін мамандар тек қана педагогикалық мамандар емес, осы медицина мен педагогиканың арасындағы қажетті мамандар – дефектологтар және бүгінгі күні онға жуық түзету жұмыстарын қажет ететін балалардың санаттары бар, солармен жұмыс істейтін шектеулі мамандар. Ол жерде тифлопедагогтар да бар, сурдопедагогтар да бар, басқа да қажетті мамандар бар. Солармен қамтамасыз ету мәселесі үлкен мәселе.

Сіз көтеріп отырған ауылдық жердегі балалармен жұмыс істеуге тоқталатын болсам, түзету кабинеттері аудан орталықтарында орналасқан. Әрине, ауылдарда олар жоқ, аудан орталықтарына әкеліп, осы жұмысты жүргізіп жатыр. Бұл мәселе тасымалдау жұмыстары арқылы да жүргізіліп келе жатыр. Енді осылай жалғасады, өйткені әр ауылда бұндай түзету кабинетінің ашылу мүмкіншілігі бүгінгі күні жоқ.

Сонымен қатар заңға соңғы енгізілген өзгерістерге байланысты жалпы балабақша мен жалпы білім беретін мектептердің ішінде инклюзивті топтарды дамыту бойынша жұмысты бастадық. Ол өзіңізге белгілі. Бүгінгі күні осы инклюзивті топтарда жұмыс істеу үшін әр мұғалімге дайындық курстарынан өткен кезде міндетті модуль ұсынылды. Міндетті модуль барлық курстарда бар. Егер де қандай да бір ауытқушылықты көрген жағдайда мектептің ішінде педагогикалық консилиум осы мәселені міндетті түрде көтеріп, қажет болған жағдайда түзету кабинетінің мамандарын міндетті түрде шақырып, мектептің ішінде оның арнайы қажеттіліктерін анықтайды.

Біз заң қабылданғаннан кейін 2021 жылы осы ережені қабылдадық. Бұл ереже биылғы жылдан бастап жұмыс істеп тұр, сондықтан бұл жұмысты жақсартатын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Ақмарал Шәріпбайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Уважаемый Маулен Сағатханович! Уважаемые коллеги! Проект Закона Республики Казахстан инициирован депутатами Парламента Республики Казахстан и направлен на реализацию государственных программ и поручений Главы государства, в том числе ратифицированной Казахстаном Конвенции о правах инвалидов.

Законопроектом предусматривается ряд норм, направленных на улучшение качества жизни лиц с инвалидностью, которые были озвучены в докладе Альназаровой Акмарал Шарипбаевны.

Ожидаемыми результатами принятия законопроекта являются:

совершенствование государственной политики по развитию системы оказания социальных услуг;

образовательная инклюзия;

создание безбарьерной среды;

снижение коррупционных рисков при прохождении медико-социальной экспертизы по установлению инвалидности и степени утраты трудоспособности;

раннее вмешательство посредством введения системы социальных, медицинских и педагогических (коррекционных) мероприятий;

расширение экономической самостоятельности и качественной занятости;

совершенствование услуг реабилитации, профилактики и предупреждения инвалидности среди взрослых и детей;

создание более благоприятных условий жизни для лиц с инвалидностью, в том числе осужденных лиц с инвалидностью, отбывающих наказание в учреждениях уголовно-исполнительной системы.

По законопроекту проведен ряд заседаний рабочей группы. Постоянные комитеты Сената Парламента по концепции законопроекта замечаний и предложений не имеют.

С учетом изложенного Комитет по социально-культурному развитию и науке, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената, рекомендует одобрить в первом чтении проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения качества жизни лиц с инвалидностью», одобренный Мажилисом Парламента Республики Казахстан.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Молдабекқызы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Ата заң – Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында адам, оның өмірі ең қымбат құндылықтар болып табылады, мемлекет елдің барлық азаматтарына, оның ішінде мүгедектерге, мән-жайларға қарамастан құқықтар мен бостандықтардың теңдігіне кепілдік береді және ешкімді ешқандай кемсітуге жол бермейді.

2015 жылы Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялай отырып, мүгедек адамдардың экономикалық, азаматтық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын іске асыру саласындағы халықаралық стандарттарды

имплементациялау бойынша міндеттемелерді өзіне алды. Осыған байланысты қазіргі уақытта Қазақстанның алдында инклюзивті қоғам құру міндеті тұр.

Бүгін қаралып отырған заң жобасы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде әзірленді, ол заңнамалық олқылықтың орнын толтыруға және мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелерін реттейтін нормаларға сәйкес келтіруге бағытталған.

Бұл заң жобасын әзірлеу жұмыстарының басы-қасында болдым. Оны әзірлеуге шамамен жүз шақты адам қатысты.

Қазақстанда мүгедек адамдардың үлесі халықтың жалпы санының 3,7 пайызын немесе 697 мың адамды құрайды. Күн сайын бұл адамдар халықтың әлеуметтік осал топтарының бірі бола отырып әртүрлі кедергілермен бетпе-бет келуге мәжбүр.

Өткен жылы бір топ депутаттың бастамасымен әлеуметтік кәсіпкерлік мәселелері бойынша заң қабылданған болатын. Аталмыш заң азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мен олар үшін басқа азаматтармен тең деңгейде қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Ал бүгін қаралып отырған заң жобасы осы жұмыстың жалғасы болып табылады. Осылайша заң жобасы аясында жер қойнауын пайдаланушылар тарапынан 1 пайыз көлемінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету көзделіп отыр.

Қоғамның кемелденуінің, оның топтасуы мен өміршеңдігінің маңызды көрсеткішін оның мүгедектерге деген қарым-қатынасынан байқауға болады. Дені сау қоғам мемлекет тарапынан денсаулығына байланысты шектеулерге қатысты қолдауды қажет ететін мүгедектерге немқұрайлы, үстірт қарауға жол бермеуі тиіс.

Құрметті әріптестер! Осы айтылғандардың негізінде заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз сенатор Бейбіт Өксікбайұлына беріледі.

ИСАБАЕВ Б.Ө. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Бүгінгі Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты! Необходимость разработки проекта закона обусловлена ходом реализации основных задач Концепции развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года.

Законопроектом предусматривается внесение изменений и дополнений в 40 законодательных актов, в том числе в 5 кодексов и 35 законов Республики Казахстан.

Проект закона будет способствовать развитию страхового и банковского секторов, а также рынка ценных бумаг путем внедрения новых продуктов, дальнейшей цифровизации услуг, повышения качества защиты прав потребителей и инвесторов.

В ходе обсуждения законопроекта и подготовки его ко второму чтению возникла необходимость внесения следующих изменений и дополнений.

Первое. Законопроектом в Гражданский кодекс (Общая часть) вводится понятие обеспечительной платы, при которой обязательства обеспечены деньгами или ценными бумагами. При добросовестном исполнении договора плата может засчитываться в счет исполнения соответствующего обязательства или возвращена.

Предлагается внесение дополнения, согласно которому уточняется механизм возврата.

Второе. В проекте закона предусматривается досудебное урегулирование страховым омбудсманом. При этом вне компетенции страхового омбудсмана находится значительная часть споров с участием юридических лиц, а также споров с суммой требований свыше 10 тысяч месячных расчетных показателей.

Предлагается исключить вышеуказанное ограничение и предусмотреть право обращения в суд с учетом соблюдения предусмотренных законом порядка и условий по всем страховым спорам.

Третье. Законопроектом регламентируются права акционеров по получению информации о деятельности общества.

В целях создания равных условий для всех акционеров предлагается исключить ограничение для лиц, ставших акционерами общества не ранее двенадцати месяцев до даты обращения.

Четвертое. Законопроектом предусматривается упрощенный порядок урегулирования страхового случая при транспортном происшествии.

Вносится конкретизация порядка оформления ДТП посредством информационной системы страховой компании и информационной системы организации по формированию и ведению базы данных.

Пятое. Законопроектом в отношении участников финансового рынка, являющихся физическими лицами (эмитенты, инвесторы), предусмотрены меры воздействия и надзорного реагирования уполномоченного органа. В действующей редакции эта норма предусматривала применение вышеуказанных мер только к юридическим лицам.

Предлагается внести соответствующие изменения в полномочия правления уполномоченного органа в части определения порядка применения ограниченных мер воздействия, мер надзорного реагирования к физическим лицам.

Шестое. В действующем Законе «О Государственной образовательной накопительной системе» предусмотрен возврат государством премии в случае отчисления вкладчика по истечении трех лет.

Предлагается поправка, согласно которой в случаях, когда вкладчик в течение трех лет после отчисления был восстановлен в организации образования либо поступил на обучение в другую организацию, освобождается от обязанности возврата начисленной премии.

Кроме того, необходимо внести изменения в статью 2, предусматривающие введение в действие норм закона (юридическая техника).

Все замечания и предложения сведены в сравнительную таблицу.

Уважаемые коллеги! С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету в соответствии с пунктом 5 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует направить в Мажилис Парламента изменения и дополнения в проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности». Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жәніс Мирасұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге 7 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы сақтандыру және бағалы қағаздар нарығын, сондай-ақ банк қызметі саласын реттейтін заңнамалық базаны одан әрі жетілдіруді көздейді. Соған байланысты заң жобасында осы салада жаңа өнімдерді енгізу, жекелеген талаптарды оңтайландыру және қызметтерді цифрландыру сияқты нормалар қарастырылған. Тұтынушылар мен инвесторлардың құқықтарын қорғау сапасын одан әрі арттыруға арналған қосымша тетіктер де бар. Сонымен қатар Сенат заң жобасының кейбір нормаларын қайта қарауды ұсынып отыр. Бұл түзетулер заң жобасындағы жекелеген құқықтық тетіктерді жетілдіруге бағытталған.

Заң жобасы қабылданғаннан кейін отандық сақтандыру жүйесінің, бағалы қағаздар нарығының және банк қызметінің дамуы үшін қолайлы орта қалыптастыруға оң ықпал етеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған әріптестерге рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау туралы.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Уважамый Маулен Сагатханович! Уважаемые коллеги! Комитет по социально-культурному развитию и науке, рассмотрев на расширенном заседании комитета проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения качества жизни лиц с инвалидностью», отмечает следующее.

Законопроект предусматривает внесение изменений и дополнений в 11 кодексов и 65 законов. Среди них кодексы «О здоровье народа и системе здравоохранения», «О недрах и недропользовании», Уголовно-процессуальный и Гражданский процессуальный кодексы, а также законы «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», «О специальном государственном пособии в Республике Казахстан», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями» и другие законодательные акты, которые направлены на гармонизацию и унификацию национального законодательства, а также решение практической задачи превенции условий, способствующих инвалидности.

Принятие законопроекта позволит решить ряд актуальных вопросов по созданию более благоприятных условий жизни для лиц с инвалидностью, в том числе осужденных лиц с инвалидностью, отбывающих наказание в учреждениях уголовно-исполнительной системы, и совершенствовать национальное законодательство в этой сфере.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному законопроекту не имеют.

С учетом изложенного Комитет по социально-культурному развитию и науке, руководствуясь подпунктами 1) и 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан», вносит на рассмотрение заседания Сената и в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения качества жизни лиц с инвалидностью».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ләззат Молдабекқызы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Елімізде мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру үшін кешенді және жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Инклюзивті қоғамдық орта құру Президенттің елімізді жаңғырту бағдарындағы басымдықтардың бірі екені белгілі.

Парламент депутаттары да мүгедектігі бар адамдарға қатысты әлеуметтік қорғау шараларының тиімді құқықтық жүйесін қалыптастыруға өз үлестерін қосуда. Бүгін қабылданған заң сол жұмыстың нақты бір нәтижесі екені сөзсіз.

Осы заң мүгедектігі бар адамдарды қорғау және қолдау саласында шешімін таппай келе жатқан бірқатар мәселені шешуге арналған. Сондай-ақ бұл бағыттағы әлеуметтік саясатты іске асыру тетіктерін одан әрі жетілдіруді көздейді. Кешенді кедергісіз орта қалыптастыруды көздейтін ережелер де назардан тыс қалмаған. Алдағы уақытта осы заң мүгедектігі бар адамдардың құқығын тиімді қамтамасыз етуге тың серпін береді деп сенеміз. Сенаторлар бұл бағытты үнемі назарда ұстап, тиісті заңнамалық жұмысты әрі қарай жалғастыра береді.

Заңды әзірлеуге бастамашы болған әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақ халқында қаламының қуатымен, жүрегінің қайратымен артына өшпес із қалдырған ардақты арыстарымыз аз болмаған. Біздің депутаттық сауал солардың бірі – қазақ әдебиетінің қара нары, қазақ журналистикасының жампозы, шындықтың жебесі, көрнекті Халық жазушысы Шерхан Мұртаза туралы. Ұлт жанашыры, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, журналист-аудармашы, халқы Шер-аға деп сүйіспеншілікпен әспеттеген абыз ақсақалымыз болған Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойын атап өту жөнінде болып отыр.

Еліміздің рухани міндеттерінің ең маңыздысы – өскелең ұрпақтың ұлттық рухани дамуын қалыптастыратын шараларды іске асыру, жастарды өз отанының тарихын, Ұлы даладан шыққан ұлы тұлғаларын білуге, құрметтеуге баулу, ұлт қайраткерлерін үнемі есте сақтау болып табылады деп ойлаймыз.

Ұрпаққа рухани бай мұра қалдырған қаламгер Шерхан Мұртаза Парламенттің төрінде елдің сөзін сұңқардай дауысы саңқылдап сөйледі, ел, жер, тіл мәселелерін өткір көтерді.

Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романы арқылы 37-жылдың ащы шындығын, қазақ әдебиетінде бұрын жазылмаған тұтас бір дәуірді ашып берді. Оның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Ноқтаға басы сыймаған», «Домалақ ана» пьесалары тарихи ақтаңдақтарға арналды.

Шерхан Мұртаза қазақ журналистикасының дамуына айрықша үлес қосты. «Жұлдыз» журналы, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерін түлетті. Қазақ телевидениесін үлкен белеске көтерді. Бүгінгі қарымды қаламгерлердің

біразы қазақ журналистикасы тарихында соны із салып, әдебиетімізде өзінің талантымен олжа салған сөз зергері Шерхан Мұртазаның шекпенінен шықты десек артық айтқандық емес. Ұлттық баспасөздің биік бәйтерегі Шерағаң республикалық газеттерді басқарып отырған жылдары Қазақстанның түкпір-түкпірінен талантты маман кадрларды жинап, қазақ әдебиеті үшін тұтас буынды тәрбиелеп шығарды. Фариза Оңғарсынова, Жүсіп Қыдыров, Мұхтар Шаханов, Рымғали Нұрғали, Ақселеу Сейдімбек, Оралхан Бөкей, Сағат Әшімбаев, Тұтқабай Иманбеков, Кәрібай Ахметбеков, Жарасқан Әбдіраш, Шөмішбай Сариев, Кәдірбек Сегізбаев – бәрі-бәрі Шерағаңның ағалық ақыл-кеңесімен қанаттанып, үлкен сапарға аттанған айтулы қаламгерлер. Алаштың ірі тұлғаларының бірі, сөз сардары, заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев та қызметін Шераға басқарған газетте әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісінен бастаған.

Осы орайда Шерхан Мұртазаның мерейтойын лайықты атап өту үшін Үкіметтің қаулысы қабылданып, келесі іс-шараларды:

Халық жазушысының өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм түсіру; халықаралық ғылыми-практикалық конференция, таным-тағылымдық шаралар өткізу;

оның есімін Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының көшелеріне және Нұр-Сұлтан қаласындағы жаңадан салынған мектептердің біріне беру;

туған жерінде оның еңселі ескерткішін орнату мәселесін қарастыруды сұраймыз.

Бұл шаралар қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, мемлекет және қоғам қайраткері, өз отанының адал перзенті Шерхан Мұртазаның есімін ұлықтау арқылы бүгінгі ұрпаққа көрсеткен өнегеміз болар еді.

Құрметті Әлихан Асханұлы, сізден аталған ұсыныстарды қарастыруды және тиісті мемлекеттік органдарға сәйкесінше тапсырма беруді сұраймыз.

Құрметпен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Нұралиев, Қожамжаров, Жүсіп Нұртөре, Бактиярұлы, Орынбеков, Жұмағазиев, Мусин, Мамытбеков, Булавкина, Дүйсембинов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Мен өзімнің депутаттық сауалымда зейнетақы жасын төмендету мәселесін көтермекпін. Соңғы кездері Үкімет пен бұқаралық ақпарат құралдары талқысының басты тақырыбы болып жүрген бұл мәселе туралы әлеуметтік желі арқылы маған күн сайын оннан астам өтініш хат келіп түседі. Депутаттық мандатты алған уақыттан бері, яғни үш жыл бойы бұл өтініштер артпаса, кеміген емес.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» боламыз дегеніміз рас болса, ендігі жерде бұл мәселені жылы жауып қарап отырғанымыз дұрыс болмайды деп есептеймін. Себептері мынау:

2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Президент ретіндегі алғашқы Жолдауында «Сындарлы қоғамдық диалог» орнату керектігін айта келе, халық алаңдап отырған зейнетақы мәселесіне ерекше тоқталып, ел көңілінен шыққан

шешім қабылдаған болатын. Соның арқасында жұмыс істейтін азаматтар өздерінің зейнетақы жинағының бір бөлігін белгілі бір мақсатқа, соның ішінде баспана сатып алуға немесе білім алуға, денсаулығына жұмсауға мүмкіндік алды.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпаратына сәйкес үй жағдайын жақсарту үшін жинақтарын пайдалануға 1 миллион 322 мың 42 өтініш келіп түскен. Тек осы мақсатқа деп зейнетақы қорынан алынған қаржының жалпы сомасы 3,1 триллион теңгені құрайды.

Енді осы 1 миллион 322 мың 42 өтініш білдірген азаматтар үшін инфляцияға ұшырайтын зейнетақыны ары қарай қорға жинау қаншалықты тиімді? Зейнетақы қорының инвестициялық табысы ақшаның құнсыздануынан туындаған айырмашылықты жаба алмай отыр деп айтуға толық негіз бар.

2015 жылы зейнетке шығу жасын өзгертуге қатысты заң қабылданған кезде Қазақстандағы орташа өмір сүру жасы негізге алынған еді. Ол кезде орташа өмір сүру жасы 71 жас болатын. 2021 жылы бұл көрсеткіш 70 жас деп алынды. Біріккен Ұлттар Ұйымының деректерінде Қазақстанда 2022 жылы күтілетін өмір сүру ұзақтығы әйелдер үшін 78 жас, ерлер үшін 70 жас деп болжамдалған. Алайда пандемияның әсерінен бұл көрсеткіштер өзгерді. Шын мәнінде қазіргі күннің болжамдары қандай екендігіне қатысты нақты ақпарат жоқ. Меніңше мұндай нақтыланбаған дәйекті дәлелі жоқ, яғни күмәнді көрсеткіштер әлеуметтік маңызы аса зор заңның қабылдануына негіз бола алмайды.

Ұлттық статистика бюросы дерегіне сай 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы адам өлімі 22 пайызға өссе, кейінгі жылдары да бұл үдеріс тоқтаған жоқ. Осылайша 2015 жылы әлемдік болжамдарға негізделіп жасалған зейнетақы реформасы Қазақстандағы бүгінгі жағдайға мүлдем сай емес. 7 жыл бұрын әлемде қартайған адамдардың саны ұлғайып, еңбекке жарамдылардың қатары азаяды делінген еді. Алайда пандемия, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс бұл болжамдарды теріске шығарды.

Тағы бір себеп мемлекетіміздегі ең басты проблема – жұмыссыздық, әсіресе жастар жұмыссыздығы.

Тиісті мемлекеттік органдардың ресми ақпаратына сәйкес Қазақстанда 2022 жылдың 1-тоқсаны бойынша 9,3 миллион еңбекке жарамды адамның 453,1 мыңға жуығы жұмыссыз. 2021 жылдың 1-тоқсанында 1 жылдан астам уақыт бойы жұмыс іздеген 15-28 жас аралығындағы жастардың үлесі 8 мың 350, ал 2022 жылдың 1-тоқсанында дәл осы көрсеткіш 9 мың 262 адам болып, 10 пайызға өскен.

Бұған жыл сайын жоғары оқу орындарын енді бітіріп, жұмыс таба алмай жүрген жастарды қосыңыз. Сондай-ақ биыл елімізде алғаш рет пилоттық режимде «Қолданбалы бакалавриатты» 2-2,5 жылда бітіріп, еңбек нарығына жұмыс іздеп шығатын жастар бар. Оларды қайда орналастырамыз?

Тоқетерін айтқанда, бүгінгі зейнетақы заңына сәйкес азаматтар жұмыс орындарын босатпай, 60-63 жасқа дейін отыра беретін болса, артынан келе жатқан жаңа буынға жұмыс жоқ деген сөз.

Соңғы кездері Үкіметтің зейнетақы саласына назар аударып, ауыр мамандық иелерінің зейнетке шығу жасын қайта қарауды қолға алып жатқанын білеміз.

Сөз басында айтқан әйелдердің зейнетке шығу жасын өзгерту туралы өтініштерін ендігері ысырып қоюға менің арым шыдамайды. Сол өтініштерге сәйкес әйелдердің

зейнетке шығу жасын 58 жас деп бекітіп, ал егер әйел әрі қарай да жұмыс істеймін десе, өз құқығы, өз еркі деп қарастыруыңызды сұраймын.

Депутаттық сауалды қарап, нәтижесі бойынша заңмен белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап берулеріңізді сұраймын. Сондай-ақ депутаттық сауалды әзірлеу барысында статистикалық мәліметтің дұрыстығын тексеріп, растап берген FactCheck.kz порталындағы журналист-әріптестеріме алғыс білдіремін».

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 9 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару және мемлекеттік шекара мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам электроэнергетики, энергосбережения и повышения энергоэффективности, недропользования, местного государственного управления и государственной границы», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қ.А. ӨСКЕНБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан УСКЕНБАЕВА К.А. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БЕКЕНОВ Н.Ж. 4

БУЛАВКИНА О.А. 5

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. 6

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетика Республики Казахстан 7

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Е.Х. СҰЛТАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад секретаря Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству СУЛТАНОВА Е.Х. 8

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЛҰҚПАНОВ С.Е. 9

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы М.Е. ӘБІЛҚАСЫМОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка АБЫЛҚАСЫМОВОЙ М.Е. 10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЛУКИН А.И. 13

БАҚТИЯРҰЛЫ М. 14

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. 16

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ж.М. НҰРҒАЛИЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету НУРГАЛИЕВА Ж.М. 18

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

МӘКЕЖАНОВ С.А. 20

ТРҰМОВ С.Ө. 22

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения качества жизни лиц с инвалидностью», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі А.Ш. ӘЛНАЗАРОВАНЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке АЛНАЗАРОВОЙ А.Ш. 22

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРЖІПТОВА Д.Ө. 24

ДУДНИК В.Ю. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі, вице-министр здравоохранения Республики Казахстан	25
КАРИНОВА Ш.Т. – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, вице-министр образования и науки Республики Казахстан	26

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Л.М. ҚАЛТАЕВАНЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке КАЛТАЕВОЙ Л.М.	27
--	----

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

СҰЛТАНОВ Е.Х.	27
ИСАБАЕВ Б.Ө.	28

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования и развития страхового рынка и рынка ценных бумаг, банковской деятельности» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ж.М. НҰРҒАЛИЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по финансам и бюджету НУРҒАЛИЕВА Ж.М.	29
--	----

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам улучшения качества жизни лиц с инвалидностью» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі
Л.М. ҚАЛТАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке КАЛТАЕВОЙ Л.М.	32
--	----

Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А.	33
---	----


**Депутат Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**
Депутатский запрос депутата НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 34

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева